

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының немесе Кеңесінің шешімін қабылдар алдында Еуразиялық экономикалық комиссияның Алқасы Техникалық реттеу, санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі консультациялық комитет шеңберінде консультациялар өткізуге міндетті мәселелердің тізбесін бекіту туралы

Еуразиялық Экономикалық Кеңес комиссиясының 2016 жылғы 17 наурыздағы № 7 Өкімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 25-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 1-тармағына сәйкес:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының немесе Кеңесінің шешімін қабылдар алдында Еуразиялық экономикалық комиссияның Алқасы Техникалық реттеу, санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі консультациялық комитет шеңберінде консультациялар өткізуге міндетті мәселелердің тізбесі бекітілсін.

2. Өкім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
В. Габриелян	В. Матюшевский	Б. Сағынтаев	О. Панкратов	И. Шувалов

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің 2016 жылғы
17 наурыздағы № 7 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының немесе Кеңесінің шешімін қабылдар алдында Еуразиялық экономикалық комиссияның Алқасы Техникалық реттеу, санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі консультациялық комитет шеңберінде консультациялар өткізуге міндетті мәселелердің ТІЗБЕСІ

1. Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін өнімнің бірыңғай тізбесін, оны қалыптастыру және жүргізу тәртібін бекіту

2. Одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу және қабылдау тәртібін, оларға өзгерістер енгізу және олардың күшін жою тәртібін бекіту.

3. 2012 жылғы 17 желтоқсандағы Кеден одағына мүше мемлекеттер болып табылмайтын, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттермен өзара саудадағы техникалық кедергілерді жою туралы Кеден одағына мүше мемлекеттердің келісімінің 3-бабында көзделген шарттарды Кеден одағына мүше болып табылмайтын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттің орындауын белгілеу.

4. Қабылдануы Одақтың техникалық регламенттерінде көзделген құжаттарды бекіту.

5. Одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу және оларға өзгерістер енгізу жоспарын бекіту.

6. Одақтың нарығында өнім айналысының бірыңғай белгісінің бейнесін және оны қолдану тәртібін бекіту.

7. Одақтың кедендік аумағында сәйкестікке міндетті бағалауға жататын өнімді әкелу тәртібін бекіту.

8. Сәйкестікті бағалау туралы құжаттардың бірыңғай нысандары мен оларды ресімдеу қағидаларын бекіту.

9. Сәйкестік сертификаттарын және сәйкестік туралы декларацияларды бірыңғай нысан бойынша берумен сәйкестікті міндетті түрде растауға жататын өнімнің бірыңғай тізбесін бекіту.

10. Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 7-тармағында көзделген сәйкестік сертификатының және сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай нысандарын және оларды ресімдеу қағидаларын бекіту.

11. Өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстардың нәтижелерін өзара тану қағидаларын бекіту.

12. Өлшемдер әдістемесін (әдісін) метрологиялық аттестаттау тәртібін бекіту.

13. Өлшем құралдарының типін бекіту тәртібін бекіту.

14. Стандартты үлгі типін бекіту тәртібін бекіту.

15. Одақтың техникалық регламентінің мазмұны мен типтік құрылымы бойынша ұсынымдарды бекіту.

16. Халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың тізбелерін, ал олар болмаған жағдайда – қолданылуының нәтижесінде Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарын сақтау ерікті негізде қамтамасыз етілетін ұлттық (мемлекеттік) стандарттар мен халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарын қолдану және орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдердің

қағидалары мен әдістері, соның ішінде үлгілерді іріктеу қағидалары қамтылған ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбелерін әзірлеу және қабылдау тәртібін бекіту.

17. Сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды (соның ішінде сертификаттау жөніндегі органдарды, сынақ зертханаларын (орталықтарын)) Одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының тізіліміне енгізу тәртібін, сондай-ақ көрсетілген тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібін бекіту.

18. Сәйкестікті бағалаудың типтік схемаларын бекіту.

19. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімнің (тауарлардың) бірыңғай тізбесін бекіту.

20. Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлардың бірыңғай тізбесін бекіту.

21. Одақтың кедендік шекарасында және Одақтың кедендік аумағында карантиндік фитосанитариялық бақылауға (қадағалауға) жататын карантинге жатқызылған өнімнің тізбесін бекіту.

22. Одақтың карантиндік объектілерінің бірыңғай тізбесін бекіту.

23. Одақтың кедендік шекарасында және Одақтың кедендік аумағында мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау (бақылау) жүргізу тәртібін бекіту.

24. Одақтың кедендік шекарасында және Одақтың кедендік аумағында ветеринариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асырудың бірыңғай тәртібі туралы ережені бекіту.

25. Одақтың кедендік шекарасында карантиндік фитосанитариялық бақылау (қадағалау) жүргізу тәртібін және Одақтың кедендік аумағында карантиндік фитосанитариялық бақылау (қадағалау) жүргізу тәртібін бекіту.

26. Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) ветеринария саласындағы уәкілетті органдарының шетелдік ресми қадағалау жүйелерінің аудитін қоса алғанда, ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге бірлесіп тексеру жүргізуінің және тауарлардың (өнімнің) сынақталуын іріктеуінің бірыңғай тәртібі туралы ережені бекіту.

27. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының уақытша санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізу кезіндегі өзара іс-қимылының тәртібін бекіту.

28. Бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптар мен процедураларды әзірлеу, бекіту, өзгерту және қолдану тәртібін бекіту.

29. Жануарлардың аса қауіпті, карантиндік және зооноздық аурулары ошақтарының профилактикасы, оларды диагностикалау, оқшаулау және жою кезінде мүше мемлекеттердің өзара іс-қимыл жасау тәртібін, сондай-ақ өңірлендіру және компартиментализациялау жүргізу тәртібін бекіту.

30. Бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптарды бекіту.

31. Ветеринариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру кезінде зертханалық зерттеулер жүргізу қағидалары мен әдіснамасын белгілеу.

32. Ветеринариялық дәрілік заттардың, ветеринариялық мақсаттағы диагностикалық құралдардың, жем-шөп қоспаларының, дезинфекциялайтын, дезинсекциялайтын және дезакаризациялайтын құралдардың айналысын реттеу қағидаларын белгілеу.

33. Одақтың кедендік шекарасында адамдарға, көлік құралдарына, бақылауға жататын тауарларға қатысты санитариялық-карантиндік бақылау жүргізу және санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізу үшін қажетті ғимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды жабдықтауға және техникалық жарақтандыруға қойылатын үлгі талаптарды бекіту.

34. Халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – қолданылуының нәтижесінде Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарын сақтау ерікті негізде қамтамасыз етілетін ұлттық (мемлекеттік) стандарттар мен халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарын қолдану және орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдердің қағидалары мен әдістері, соның ішінде үлгілерді іріктеу қағидалары қамтылған ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбелерін бекіту.

35. Сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібін бекіту.

36. Қолданылуының нәтижесінде Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарын сақтау ерікті негізде қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттар мен Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарын қолдану және орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдердің қағидалары мен әдістері, соның ішінде үлгілерді іріктеу қағидалары қамтылған мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарламаларды бекіту.

37. Кедендік декларация беру Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестікті бағалау туралы құжаттарды немесе осындай құжаттар туралы мәліметтерді ұсынумен бірге жүретін өнімнің тізбелерін бекіту.

38. Одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу кезінде, олардың Халықаралық бірліктер жүйесімен (БЖ) арақатынасын қоса алғанда, қолданылатын жүйеден тыс шама бірліктерінің тізбесін бекіту.

39. Одақтың техникалық регламентінің жобасына, қолданылуының нәтижесінде Одақтың техникалық регламентінің талаптарын сақтау ерікті негізде қамтамасыз етілетін стандарттар тізбесінің жобасына, Одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану және орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін

бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдердің қағидалары мен әдістері, соның ішінде үлгілерді іріктеу қағидалары қамтылған стандарттар тізбесінің жобасына метрологиялық сараптама жүргізу тәртібін бекіту.

40. Зертханааралық салыстыру сынақтарын (зертханааралық салыстырып қарау) жүргізуді ұйымдастыру тәртібін бекіту.

41. Өлшемдердің референттік әдістемесі (әдісі) ретінде қабылданатын өлшемдер әдістемесін (әдісін) аттестаттау тәртібін бекіту.

42. Өлшем құралдарын салыстырып тексеруді және калибрлеуді ұйымдастыру тәртібін бекіту.

43. Мүше мемлекеттердің ақпараттық қорларында қамтылған өлшем бірліктерді қамтамасыз ету саласындағы мәліметтерді өзара беру тәртібін бекіту.

44. Карантиндік фитосанитариялық шараларды зертханалық қамтамасыз ету тәртібін бекіту.

45. Ветеринариялық сертификаттардың бірыңғай нысандарын бекіту.

46. Өсімдіктер карантинін қамтамасыз етудің бірыңғай қағидалары мен нормаларын бекіту.

47. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарды бекіту.

48. Өсімдіктер карантині жөніндегі пункттерді (фитосанитариялық бақылау бекеттерін) материалдық-техникалық жарақтандыруға және жайластыруға қойылатын талаптарды бекіту.

49. Өнімнің (тауарлардың) бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға сәйкестігін куәландыратын өнімді (тауарларды) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің бірыңғай нысанын бекіту.

50. Бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту.